

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 мамырдағы N 13-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 маусымда N 2299 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 2018 жылғы 3 шілдедегі № 26-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 03.07.2018 № 26-4 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" № 2314 бекітілген қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы қосымшасымен бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының кейбір шешімдері қосымшаға сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми алғашқы жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
XIII сессиясының төрайымы*

И. Овчаренко

*Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
хатшысы*

Б. Ысқақова

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданының жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің*

Н. Барақаев

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы

1. Жалпы қағидалар

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Ғабит Мүсірепов атындағы ауданында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) төлемдер үшін ұсынылады:

1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну төлемін;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

4) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 24.12.2013 N 22-3 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 27.05.2015 N 35-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін берудің шарттары мен тәртібі

2. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі – Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның тұрғындары үшін тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған меншік тұрғын үй қорынан тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсу бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуы отбасының (азаматтың) барлық орта айлық жиынтық кірісіне 10 пайыз мөлшерде белгіленеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 24.12.2013 N 22-3 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі анықталды (одан әрі – уәкілетті орган).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 15.05.2017 № 11-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

4. Компенсациялық шаралармен қамтылатын тұрғын үй-жайдың ауданы бір адамға 18 шаршы метр, жалғызілікті азаматтарға 30 шаршы метрден кем емес мөлшерде қабылданады.

5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) (бұдан әрі – өтініш беруші) тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті органға өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады;

2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;

3) мекенжай анықтамасы не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын ауыл әкімдерінің анықтамасы;

4) отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

9) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 24.12.2013 N 22-3 ; 31.03.2014 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі);

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін және түпнұсқасын табыстайды. Өкілетті органның жауапты адамы құжаттардың түпнұсқаларын көшірмелерімен салыстырғаннан кейін тұтынушыға сол арада қайтарады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 24.12.2013 N 22-3; 31.03.2014 N 23 -4 шешімдерімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.05.2017 № 11-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

6. Тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанға тағайындалады. Көмекті тағайындау үшін құжаттар ағымдағы тоқсанның соңғы айының 25 күніне дейін қабылданады.

Табысталған құжаттарды қарастыру нәтижесі бойынша уәкілетті орган құжаттарды тапсыру сәтінен он күнтізбелік күн ағымында тұрғын үй көмегін тағайындау немесе бас барту туралы мәлімдеме қабылдайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 30.10.2015 N 38-5 шешімімен (ресми алғашқы жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

7. Коммуналдық қызметтерді тұтыну тарифы мен нормасын жабдықтаушылар ұсынады.

8. Егер де телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісі өзгерсе ертеде тағайындалған көмекке қайта есептеу жасалады.

3. Тұрғын үй көмегін алушы үміткер отбасының (азаматтың) кіріс жиынтығын есептеу

9. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеуі, тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті органмен, өтініш берген тоқсан алдындағы тоқсанның жиынтық табысы Қазақстан Республикасы құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін

алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7412 тіркелді) № 471 Бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

4. Тұрғын үй көмегін төлеу

10. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейлі банктер арқылы алушыларға есептелген сомаларды дербес шоттарына аудару арқылы жүзеге асырады.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
аудан мәслихатының
2013 жылғы 24 мамырдағы
№ 13-2 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихаты қабылдаған нормативтік-құқықтық актілердің күші жойылды деп танылған тізімі

1. 2006 жылғы 13 қыркүйектегі № 30-3 "Тұрғын үйді қадағалап ұстау және коммуналдық қызметтерді төлеу үшін Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның шағын қамсыздандырылған жанұяларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) беру туралы Ережесін бекіту" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 20 қазанда № 13-5-32, "Есіл өңірі" газетінде 2006 жылғы 6 қарашада, "Новости Приишимья" газетінде 2006 жылғы 6 қарашада жарияланды);

2. 2008 жылғы 18 сәуірдегі № 6-2 "Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 13 қыркүйектегі № 30-3 "Тұрғын үйді қадағалап ұстау және коммуналдық қызметтерді төлеу үшін Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның шағын қамсыздандырылған жанұяларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) беру туралы Ережесін бекіту" шешіміне өзгертулер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 13 мамырда № 13-5-69, "Есіл өңірі" газетінде 2008 жылғы 20 мамырда, "Новости Приишимья" газетінде 2008 жылғы 20 мамырда жарияланды);

3. 2010 жылғы 28 сәуірдегі 18-2 "Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 13 қыркүйектегі № 30-3 "Тұрғын үйді қадағалап ұстау және коммуналдық қызметтерді төлеу үшін Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның шағын қамсыздандырылған жанұяларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін (жеке

тұрғын үйді ұстаудан басқа) беру туралы Ережесін бекіту" шешіміне өзгертулер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 4 маусымда № 13-5-115, "Есіл өңірі" газетінде 2010 жылғы 14 маусымда, "Новости Приишимья" газетінде 2010 жылғы 14 маусымда жарияланды).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК